

БӨЛІМ: ГЕОГРАФИЯ

Жер қозғалды ма?

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.06.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/157213/

Ерасыл Рахманқұл.

Қозғалыссыз өмір жоқ. Бұл сөздердің шын екеніне әр молекула мен шексіз ғарышымыз дәлел. Біз өмір сүретін жер шары өз орбитасымен күнді айналып қозғалады.

Оның күнді толық айналып шығуы 1 жыл, немесе 365 күн. Енді ойланып көріңіз. Егер жер қозғалысын тоқтатса не болады? Сіз айтарсыз уақыт тоқтап қалды, бірқалыпты өмір сүре береміз деп. Әрине солай бірақ сіз бірнарсені ескермедіңіз. Ол жер ғаламшарының өз осінен айналу жылдамдығы. Ал бұл жылдамдық сағатына 1670 шақырым дейін, яғни сіз тыныш отырғанның өзінде, осы жылдамдықпен жылжи бересіз. Жоқ ұшып кетесіз. Жердегі барлық заттар, ғимараттар барлығы дерлік ұшып кетеді.

Бұл ойыншық емес. Десе де полюстерге жақын орналасқан адамдар тірі қалуы мүмкін. Себебі олар жердің айналу нүктесінен алыс орналасқан. Алайда сұмдық инерция күшінен пайда болған толқындар, оларды жер бетінен жойып жіберер еді. Мұндай апаттан ешкім тірі қалмайды. Осындай жағдайда жер бетіндегі тіршілік атауларының қандай күй кешітіні айтпаса да белгілі. Әрине осылай жердің бірден тоқтап қалуы ақылға сыймайтын құбылыс.

Бірақ жердің өз жылдамдығын шамалы азайтуы айқын дүние. Ғалымдар дәлелдеуі бойынша, жердің тәулік уақыт әр 100 жыл сайын 2 мили/секундка ұзарады екен. Жердің тоқтап қалуы адамзатқа зиянын тигізбегенімен, ғасырлар өте оның бәрі біліне бастайды.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.